

**"Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттің өзара іс-қимылын дамыту жөніндегі 2016 – 2020 жылдарға арналған ұлттық жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 159-ө өкіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 78-ө өкімі

1. "Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттің өзара іс-қимылын дамыту жөніндегі 2016 – 2020 жылдарға арналған ұлттық жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 159-ө өкіміне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттің өзара іс-қимылын дамыту жөніндегі 2016 – 2020 жылдарға арналған ұлттық жоспарда:

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

8	Қоғамдық кеңестердің республикалық мәжілісін ұйымдастыру және өткізу	Қоғамдық кеңестер мәжілісінің ұсынымдары	ДИАҚМ	2017, 2019 жылдар	2017 жылы –10200,0, 2019 жылы – 14095,0 .
---	--	--	-------	-------------------	---

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8-1-жолмен толықтырылсын:

"

8-1.	Қоғамдық кеңестердің республикалық конференциясын ұйымдастыру және өткізу . Қоғамдық кеңестер үшін семинарлар өткізу	Қоғамдық кеңестер конференциясының ұсынымдары	ДИАҚМ	2018, 2020 жылдар	2018 жылы – 14095,0, 2020 жылы – 14095,0.
------	---	---	-------	-------------------	---

".

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*Б. Сағынтаев*